

## Жер участеклеріне шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Костанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 21 шілдедегі № 167 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Денисов ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Нурлэнд" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне осы қаулының қосымшасына сәйкес газ құбырын салу үшін Костанай облысы Денисов ауданының босалқы жер қоры жерінен жалпы ауданы 3,3494 гектар жер участеклеріне 2 (екі) жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. "Нурлэнд" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жер участеклерін құрылыс аяқталғаннан кейін нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды қүйге келтіру үсынылсын.

3. "Денисов ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Костанай облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Денисов ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

P. Қатпаев

Денисов ауданы әкімдігінің

2025 жылғы 21 шілдедегі

№ 167 қаулысына

қосымша

## Қауымдық сервитут белгіленетін жер участеклерінің тізбесі

№	жер участексерінің орналасқан жері	қауымдық сервитут белгілеудің алаңы, гектар	жер санаты
1	Тельман ауылдық округі	3,2717	босалқы жер қоры

2	Перөлески ауылы (елді мекеннің шегінен тыс)	0,0777	босалқы жер қоры
	барлығы	3,3494	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК